

«Сенім Қордай» ЖШС» жекеменшік балалар бақшасы

**Кезектен тыс өткізілген педагогикалық кеңес отырысының
№ 6 ХАТТАМАСЫ**

Қордай ауылы

23 маусым 2025 жыл

Қатысқандар : 11

Қатыспағаны : 0

Күн тәртібі:

Өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу туралы

Тыңдалды: « Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5 бабының 21)2 тармақшасына және «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2ақпанындағы № 124 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсанындағы № 486 бұйрығымен балабақша меңгерушісі К.Купесбай таныстырып өтті.

Жамбыл облысы білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2025 жылғы мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының бекітілген кестесіне сәйкес 2025 жылдың қыркүйек айында балабақшаның мемлекеттік аттестаттаудан өтуіне байланысты 2025 жылдың 23 маусымында кезектен тыс педагогикалық кеңес шешімімен білім беру ұйымдарының білім беру қызметін өзін-өзі бағалауды жүзеге асыру жұмысы ұйымдастырылатыны жайында айтылды.

Білім беру ұйымдарын өзін-өзі бағалау өлшемшарттарының Ережесі таныстырылып, іс-шара жоспары жасалынды.

Өзін-өзі бағалауды талапқа сай сапалы ұйымдастыру үшін төмендегі құрамда комиссия мүшелері құрылды. Комиссия төрайымы: К.Д.Купесбай-меңгеруші, комиссия мүшелері: М.Сабитқызы -әдіскер және тәрбиеші, А.Т.Култаева -психолог, В.И.Момынжанова-тәрбиеші, К.Р.Сандыбекова - тәрбиеші, С.М.Әміркүл -тәрбиеші, комиссия хатшысы, барлығы бұйрықпен бекітілсін.

ҚАУЛЫ:

Өзін-өзі бағалау талапқа сай сапалы ұйымдастырылсын.

Төрайым:

Хатшы:



К.Купесбай

С.Әміркүл